

Аябек БАЙНИЯЗОВ, Жанар БАЙНИЯЗОВА

СӨЗДІКТЕРДІҢ ЖАНРЛАРЫ МЕН ТИПТЕРІ ТУРАЛЫ

В данной статье рассматривается проблема общей теории типологии словарей, проводится научный анализ взглядов, трудов и направлений посвященных данной проблеме. Опираясь на выявленные научные направления делается вывод типологии словарей.

Makalede genel olarak sözlük tipolojisi teorisi ele alınmıştır. Bu konu ile ilgili dilcilerin fikirleri, eserleri ve sunduğu sınıflandırmaları üzerinde durulmuştur. Bununla birlikte sınıflandırmalar somucunda ortaya çıkan sözlük tipleri gösterilmiştir.

Академик Л.В. Щербаның «Жалпы теориялық лексикографияның жалпы мәселелері» атты еңбегінде лексикографияның теориялық мәселелері алғаш рет жүйелі түрде күн тәртібіне қойылды. Лексикография теориясы саласындағы алғашқы тәжірибелік жұмыс болғандықтан да ғалым өз зерттеуін «тәжірибе» деп атады. Ол кезеңде лексикография теориясын зерттеудің қазіргідей тарамдалған, жатық жүйесі жоқ еді. Ғалымның жұмысы негізінен сөздіктердің типологиясы мәселесіне арналып жазылғандықтан, ол өз зерттеуінде алты түрлі антитеза (академиялық сөздік – анықтамалық сөздік, энциклопедиялық сөздік – жалпы сөздік, тезаурус сөздік – жай сөздік, жай сөздік – идеологиялық сөздік, түсіндірме сөздік – аударма сөздік, бейтарихи сөздік – тарихи сөздік) келтіру арқылы сөздік түрлерін бір-бірімен қарама-қарсы қойып, шендестіреді [1]. Қазақ лексикографиясында Р.Түсіпқалиеваның зерттеуінде лексикографияның жаңа саласының, яғни оқу лексикографиясының, оның басты өнімі болып табылатын оқу сөздігінің ерекшеліктері ескеріле отырып, жетінші дихотомиялық жұп (жалпы сөздік – оқу сөздігі) ұсынылады [2. 31].

Испан лексикографиясын зерттеген Я.Малкил 1959 жылы сөздіктер типологиясын жасау үшін қажетті үш айырым белгіні атайды: 1) сөздіктің диапазоны, яғни материалды қамту аясы; 2) сөздіктің перспективасы; 3) сөздіктің презентациясы [3]. Бірінші және үшінші айырым белгілер түсініктеме беруді қажет етпейтін болғандықтан, екінші белгіге тоқталалық. Ғалым перспективаның да үш түрін қарастырады. Бірінші: тарихи (динамикалық) және синхронды (статикалық) сөздік. Екінші перспектива материалды орналастыру ұстанымына байланысты: а) әліпбилік (дәстүрлі) орналасу; ә) семантикалық (сөз таптары немесе тақырыптық топтар бойынша орналастыру); б) еркін орналастыру. Соңғы үшінші перспектива, автордың өз сөзімен айтқанда, сөздіктің негізгі тоны [бұл жерде сөздік метатілінің ерекшеліктері сөз болып отыр] мен нормативтілікке қатысына байланысты. Сөздіктің тоны: а) объективті, ә) нұсқаушы (prescriptive) немесе б) ойнақы болуы мүмкін. Нұсқаушы тонға байланысты автор оқырманды тәрбиелеудің, яғни оның сөз мәдениетін көтеру мақсатының байсалды лексикографиялық еңбекке келісімсіздігін, лайықсыздығын ескертеді.

Сөздіктер типологиясы бойынша 1962 жылы арнаулы еңбек шығарған Т.А.Себеок өзінің жіктемесін эмпирикалық негіздерге сүйене отырып жасайды. Ол он жеті белгіні атайды: 1) сөздіктің автордың ана тілінде жасалуы; 2) сөздіктің мәтіндерге байлаулы болмауы; 3) сөздіктің материалды қамту шектері; 4) сөздіктегі материалдың алуан түрлілігі; 5) атау сөздің жекеше немесе көпше тұлғада берілуі; 6) сөздіктің сөз формасына негізделуі; 7) сөздіктің сөз мағынасына негізделуі (синонимдер сөздігі); 8) сөздік мақалалардың әліпбилік ретте сыртқы тұлғалары бойынша берілуі; 9) сөздік мақалалардың мағына, мән бойынша реттеліп берілуі; 10) қарама-қарсы сілтемелер қолдану жолымен материалды формалық жағынан қосалқы безендірудің болуы; 11) қарама-қарсы сілтемелер қолдану жолымен материалды мағыналық жағынан қосалқы безендірудің болуы; 12) сөздің паспортталуы: а) қандай диалектіге жатады, ә) қандай мәтіндерде тіркелген; 13) экземпликация (қолданым мысалдары); 14) глосса (сөзге жасалатын түсініктемелер мен ескертпелердің болуы); 15) сөздік бірліктің қолданым жиілігінің көрсетілуі; 16) сөздік бірліктің этимологиясының берілуі; 17) сөздік мақалада энциклопедиялық түсініктеменің болуы [4]. Ғалымның пікірі бойынша, сөздік лексикографтың өз ана тілінде жасалатын болса, мұндай сөздікте нұсқаушы, академиялық типті сөздікке айналу тенденциясы сақталады. Сөздік нақты мәтіндер негізінде жасалса, мәтіндерді басты назарда ұстаса, ол анықтамалық сөздік типіне жақындайды.

Бұл жіктемеде сөздіктің тілі, ішкі құрылымы, сөздік бірлік пен сөздік мақаланың орналасу реті, құрамы мен құрылымы ескерілген. Автордың практикалық бағдарды басты назарда ұстануына байланысты құнды жіктемелердің бірінен саналады.

Француз лексикографы Ж. Рей-Дебов Я. Малкилдің, Т. Себеоктың, т.б. біраз ғалымдардың жіктемелерін қорыта келіп өз жіктемесін ұсынады. Ол тоғыз айырым белгіні нұсқайды: 1) дидактикалық шығарма (автордың жеке пікірі байқалмайды); 2) анықтамалық ретінде пайдалану үшін жасалған (сөздік кірістер белгілі жүйе бойынша кодталған, ақпарат берудің арнайы бағдарламасы бар); 3) екі құрылымды: макроқұрылымы (номенклатурасы, яғни сөзтізбесі) және микроқұрылымы (сөздік мақалалардағы ақпараттар жиынтығы) бар; 4) материалдың ерекше орналасымы (тұлғасы немесе мазмұны бойынша); 5) сөздік бірлігі (кіріс сөз) құрылымы жағынан әріп пен фразадан жоғары бірліктер аралығында; 6) ақпараттардың реттеліп, бірақ бір-бірінен бөлектеліп орналастырылуы; 7) сөздіктің номенклатурасы – реттелген, иерархиялық тұрғыдан құрылымданған көпшілік; 8) сөздіктегі айтылым (сипаттама) екі мағынаны біріктіреді: таңбалар туралы айтылым және заттар туралы айтылым. *Білдіру* және *болу* етістіктері арқылы ашылатын мұндай қарама-қарсылық жай сөздікте байқала бермейді. Мұның өзі анықтамаларда аталған айырым белгілерді анықтау мақсатында семиотикалық талдау жасаудың қажеттігін көрсетеді. Ғалым аталған

мәселелерді терең зерттеп, талдаумен айналысатын ерекше лингвистикалық пәннің – теоретикалық лексикографияның жасалуы қажеттігін жазады [5]. Бұл жерде басты назар аударатын нәрсе – ғалымның сөздіктегі дидактикалық интенцияның басым болатындығын тұжырымдауы. Тоғыз айырым белгі ішінде сөздіктің дидактикалық шығарма ретінде көрінімін бірінші атайды.

Лексикография теориясы бойынша Л.В. Щербадан кейін озық тұжырымдар жасаған француз ғалымдары К.Дюбуа мен Ж.Дюбуа лексикография теориясының қарастыратын мәселелері ретінде *сөздіктер типологиясы* мен *сөздіктің құрылымдық элементтері туралы ілімді* атайды [6]. Яғни ғалымдар бұрыннан бері яғни Л.В. Щерба еңбегі бойынша белгілі типология мәселесіне екінші мәселені - сөздіктің ішкі құрылымдық элементтері мәселесін қосады. Бұл сол кезеңдегі лексикография теориясы үшін айтарлықтай маңызды жаңалық болды. Орыс ғалымы П.Н. Денисов лексикография теориясының негізгі мәселелерін зерттеуге арналған докторлық еңбегінде осы пікірді жөн санайды [7. 5]. Ғалымның сөздіктерге жасайтын типологиясы өз диссертациясында қолданымға енгізіліп отырған төрт координатқа (*лингвистикалық, психологиялық, социологиялық және семиотикалық*) негізделеді. Олардың әрқайсысы жеке координаттар жүйелері спектріне тарқатылады. Осымен байланысты сөздік құрамның түрлі көзқарастар тұрғысынан (синтагматикалық, парадигматикалық, эпидигматикалық, «тәжірибелік», функционалды-стилистикалық, т.б.) бөлінулері баяндалады. Ғалымның көзқарасы бойынша, сөздіктер типологиясының лингвистикалық координатасы бір топ координаттарды құрайды. Оларды бөліп шығарудың негізгі жолы – тілдің лексикалық жүйесінің түрлі аспектілеріне, сөздердің топтары мен қатарларына, сондай-ақ, оларды біріктіруші формалды белгілер мен семантикалық категорияларға талдау жасау. Психологиялық координата лексикографияны мүмкіндіктері шектеулі адамға бағдарлайды. Мысалы, біртүрлі сөздіктің адресаттарының ерекше бір түрі – шетелдіктер, - тілдік түйсігі (чутье) жоқ адамдар. Психологиялық координата сөздіктерді үш класқа бөледі: 1) сөздіктің тілі өзінің ана тілі болып табылатындар үшін жасалатын; 2) шетелдіктер үшін жасалатын; 3) машиналар үшін. Психологиялық координата оқырмандардың жас ерекшеліктеріне байланысты сөздіктерді *төменгі сынып* оқушылары үшін жасалатын, *жоғарғы сынып* оқушылары үшін жасалатын және *ересектер* үшін жасалатын сөздік түрлеріне бөледі. Семиотикалық координата сөздіктер типологиясына тарихи нақтылық береді. Ол психологиялық координатамен бірге әлеуметтік-психологиялық нақтылықты да береді. Демек, белгілі бір ұлттық мәдениеттің немесе белгілі бір елдің өкілі ретіндегі әлеуметтік адамның ерекшеліктерін ескереді.

Сөздіктердің типтері туралы мәселені ғалым лексикография теориясының бірінші мәселесі санайды. Сөздіктер типологиясын төрт координат негізінде баяндай отырып, осы координаттардың әрқайсысының екі түрлі қолданым аясы болатынын 1) сөздіктің берілген бір типіне

қатысты, 2) сөздіктің кез келген типіне қатысты) ескертеді. Осы мәселеге орай, лексикография теориясын сөздіктердің типологиясына (ғылыми жіктемесіне) және сөздіктің құрылымы немесе элементтері туралы ілімге бөліп қарастырады.

Автордың пікірі бойынша, сөздіктердің жіктемесі дегеніміз – белгілі бір мәдени ареалда немесе белгілі бір ұлттық лексикографиялық дәстүрде тарихи тұрғыдан қалыптасқан сөздіктер мен олардың жанрларының практикалық жүйеленген түрдегі сипаттамасын жасау [7. 6].

Жалпы лексикография бойынша жасалған жіктемелер арасындағы мамандар тарапынан сапалы саналып жүрген еңбек – В.В.Дубичинскийдің «Лексикографиялаудың ұстанымдары мен сөздіктер типологиясы» атты мақаласы [8]. Ғалым осы еңбегінде сөздік түзу ғылымының шығармашылық, ғылыми-аналитикалық сипатының үнемі ескеріле бермейтіндігін жазады. Ғалым бұрынғы жіктемелерді қорыта келіп, сөздіктердің мынадай типтерін атайды:

А) сипатталатын тіл санына байланысты:

– біртілді: 1) түсініктеме беруші немесе түсіндіруші (энциклопедиялық, түсіндірме, терминологиялық, этимологиялық, ономастикалық, кірме сөздер сөздігі т.б.); 2) тіркеуші, мұнда түсініктемесіз тек сөз тізбелері беріледі (орфографиялық, жиілік, кері әліпбилік т.б.);

– екі тілді және көптілді (аударма);

Ә) лексиканы қамтуына байланысты:

– лексиканы шектеусіз қамтитын (энциклопедиялық, түсіндірме т.б.);

– белгілі бір принцип негізінде белгілі бір лексикалық топтарды ғана қамтитын сөздіктер. Олар мына негіздер бойынша сұрыпталып алынады:

1) хронологиялық принцип бойынша (этимологиялық, тарихи сөздіктер, жаңа сөздер сөздігі т.б.);

2) лексиканың стильдік қабаттары бойынша (әдеби, сөйлеу, қарапайым тілдер сөздігі, жаргонизмдер сөздігі, диалектизмдер сөздігі т.б.);

3) авторлық лексиканы қамтитын (жазушы/ақын/философ, т.б. тілі сөздігі);

4) лексиканың аумақтық ерекшеліктеріне байланысты (диалектизмдер сөздігі, регионализмдер сөздігі т.б.);

5) сөздердің тілішілік градациясына байланысты (синонимдер, антонимдер, паронимдер сөздігі, аудармашының достары, фразеологиялық, т.б. сөздіктер);

6) адресатқа қатысты (мектеп сөздігі, шетелдіктерге арналған сөздік, кәсіпкерлерге арналған сөздік т.б.);

7) лексиканы кәсіби тұрғыдан сұрыптау бойынша (терминологиялық сөздік, салалық рубрикаторлар, классификаторлар, идентификаторлар, терминологиялық тезаурустар т.б.);

8) көлемі бойынша (үлкен немесе толық, қысқаша т.б. сөздіктер);

9) безендірілуі мен ақпарды детализация жасау бойынша (иллюстративті, қалта сөздігі т.б.);

Б) функционалды бағдарына байланысты:

– функционалды-салалық (терминологиялық, тар кәсіби, кең кәсіби, тематикалық сөздіктер, тезаурустар, т.б.);

– функционалды-тілдік (сөзтіркесім сөздігі, етістікті меңгеру сөздігі, т.б.);

– функционалды-образдық (фразеологиялық, қанатты сөздер сөздігі, т.б.);

В) лексикалық материалды беру реті бойынша:

– семасиологиялық, әліпбилік (түсіндірме, орфографиялық, аударма т.б.);

– ономасиологиялық (тезаурус, идеография, идеологиялық сөздіктер т.б.);

– кері әліпбилік (сөзжасамдық, грамматикалық т.б.):

Г) мәдениеттанымдық тұрғыдан:

– ономастикалық сөздік (топонимдер сөздігі, аттар мен фамилиялар сөздігі, ойконимдер сөздігі, т.б.);

– тіл мәдениеті мен әдеби норма бойынша (орфографиялық, орфоэпиялық, екпін сөздігі, т.б.);

– елтанымдық сөздіктер (баламасыз лексика, экзотизмдер сөздігі, т.б.);

Автордың пікірі бойынша, әр типті сөздіктер арасында шекара жасап, бөлуге үнемі келе бермейді. Сондықтан жүйелеуде:

Ғ) аралас немесе комплексті сөздіктерді (түсіндірмелі-тіркесімдік, түсіндірмелі-аудармалы, аудармалы-синонимдік, этимологиялық-фразеологиялық, түсіндірме-аударма-тіркесімдік сөздіктер, т.б. сөздік түрлері болады).

Ғалымның тұжырымы бойынша комплексті сөздіктердің болашағы үлкен. Себебі сөздікті қолданушылар біртекті емес.

Ж) үйренім сөздіктері – комплексті сөздіктер түрі.

1) Ғалым лексикографиялау ұстанымдарын теориялық тұрғыдан қорытудың ең алдымен түсіндірме сөздіктерді жасау негізінде жүзеге асатындығын, осы сөздікке қарап лексикалық құрамның даму дәрежесін байқауға болатындығын жазады.

Ғалым лексикографияның ғылым ретінде де сөздік жасау өнері ретінде де өте кең және жан-жақты дамып келе жатқанын сөз ете отырып, лексикографиялау ісінің келешегін төмендегі бағыттармен байланыстырады:

– уақыттың, заманның алға қоятын жаңа міндеттеріне байланысты жаңа типті сөздіктер жасау және бұрыннан белгілі типтерді біріктіру жолымен жаңа комплексті сөздіктер жасау;

– сөздік түрлерін бұрын жасалған типтер негізінде, бірақ жаңа позициялардан, басқа көзқарас тұрғысынан жасау. Қазіргі кезде өзекті

мәселелер: лексиканың әртүрлі қабаттарын сипаттау, сөздік құрамды синхрондық және диахрондық тұрғыдан қарастыруды біріктіру, бірнеше тілді салыстырмалы зерттеу т.б.

Сөздіктердің жіктемесі мен басты ұстанымдары туралы ойларын қорыта келіп, ғалым сөздіктің замана өнімі болып табылатынын, сондықтан оны жасаудың нақты тарихи-мәдени шарттарға, теоретикалық лингвистиканың жай-күйіне, сөздікшілер пайдаланатын мәтіндік материалдардың түрі мен көлеміне байланысты болатынын айтады. «Лексикографияның принциптік тұрғыдан шексіз даму болашағы бар екендігін болжай аламыз», – деген тұжырым жасайды.

ӘДБИЕТТЕР

1. Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии // Известия АН. Отд. лит-ры и языка, 1940. Вып.3. С. 89-117.
2. Түсіпқалиева Р. Қазақ лексикографиясы: екітілді пағын сөздіктердің құрылымы: филол. ғыл. канд. ... автореф.:10.02.02. – Алматы, 2007. – 24 б.
3. Malkiel Jakob. Distinctive Features in Lexicography. A Typological Approach to Dictionaries Exemplified with Spanish, part 1-2, 1959. Univ. of California Press, Berkeley and Los Angeles. – 366-399 pp.
4. Sebeok T.A. Materials for a Typology of Dictionaries. Lingua, Amsterdam, 1962, vol. XI. – 365-367 pp.
5. Rey-Debove J. Etude linguistique et semiotique des dictionnaires français contemporains. The Hague – Paris, Mouton, 1971. – 329 pp.
6. Дюбуа Ж., Дюбуа К. Педагогическая речь словаря // Актуальные проблемы учебной лексикографии. – М., 1977. – С. 38-50 (перевод Г.Н.Макаровой).
7. Денисов П.Н. Основные проблемы теории лексикографии: автореф. ... докт. филол. наук. – М., 1976. – 90 с.
8. Дубичинский В.В. Принципы лексикографирования и типология словарей // Вопросы языкознания. 1991. – №5. – С.24-287.

REZUME

А.Байниязов, С.Байниязова (Turkistan)
ABOUT TYPES AND KINDS OF DICTIONARIES

This article deals with the problems of the main theory of typological dictionaries, and is analyzed scientific views, works and directions. And According to this problem the results of dictionary types are done.